

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

«Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік ережелері»

<p>ЖАРИЯЛАНДЫ 13.05.2022</p>	<p>ТІРЕК СӨЗДЕР ата-анаға кеңес, ата-анамен жұмыс, бала дамуы, балабақша, балабақша әдістемесі, балабақша бағдарламасы, балабақша қазақша, балабақша тәрбиешісі, балалар дүниесі, балалар ойыны, балалар тәрбиесі, балалар үшін, балалармен жаттығу, балалармен жұмыс, балалармен тәрбие, баланың дамуы, дамыту ойындары, ерте даму, ерте оқу, креативті тәрбие, қимылды ойындар, логопед, мектепке дейінгі тәрбие, ойын әдістемесі, педагогика, сенсорлық даму, сөйлеуді дамыту, тәрбие және оқыту, тәрбиеші, тіл дамыту</p>	<p>СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/120742/</p>
---	--	---

Тақырыбы: «Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік ережелері» деп аталады.

Мақсаты : Жер сілкінісі кезінде үйде, көшеде, дұрыс әрекет етуге үйрету, қауіпсіз жерді табу.

Сөздік жұмыс : Дүмпул

Әдіс-тәсілдер : Ауызша баяндау, сұрақ -жауап, ойындар жүргіздім, теледидардан «Үш аюдың отбасы» мутфильмі көрсетілді, аюлардың үйінің макеті жасалды,Қорғаубектің топта болуы, бала басына қол сөмке дайындалып ойынның керекті заттары пайдаланылды.

Алдынала жүргізілетін жұмыс: Зіл жалашы мутфильмі көрсетілді.

Іс әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
------------------	------------------------	-----------------------

Мотивациялық қозғаушы	Табиғат егіз адаммен, Ұқсастық табам содан мен Мәңгілік болсын егіздер, Жер-Ана, көл, теңіздер.. Әр адамның өз үйі бар, әр жануардың өз үйі бар. Жәндіктер, гүлдер, ағаштардың өз үйі бар. Балалар осылардың бәріне ортақ үйді қалай атаймыз? Жер деп атаймыз. Осы Жер-Ананың бізге берер байлығы өте мол. Сол табиғи	Балалар топқа кіреді. Балалар мұқият тыңдап тұрады. Қызығушылық танытады. Сұрақтарға жауап береді Иә, келісеміз деп айтады
------------------------------	---	--

<p>Проблемалық ізденушілік</p>	<p>Жұмбақ. Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр, Дабылдатып дабылын ол қағып тұр. От жағып, дабыл қағып тұрғаныңда Сабалап төмен қарай су ағып тұр. Бұл не болды екен балалар? Жаңбыр, Найзағай. Балалар жаңбыр, найзағай – олар табиғи құбылыстарға жатады. Табиғи құбылыстар әртүрлі болады. Бұл құбылыстардың пайдасы мен бірге зияны болады. Мысалы: Жаңбыр-шаң мен тозаңды басып шөптер шығады. Алайда жаңбыр көп жауса келтірер зияны көп. Бүгін сіздермен бірге төтенше жағдай дегеніміз не және оның салдары туралы білетін боламыз. Слайд арқылы көрсету ,түсіндіру, толық мағұлмат беру. Төтенше жағдай дегеніміз — адамдардың денелеріне, өміріне қауіпті қоршаған ортамен шаруашылыққа зиянын келтіретін жағдайды айтамыз. Төтенше жағдай екі түрлі себептермен болуы мүмкін: Табиғи сипаттағы немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар — дүлей, зілзала, жер сілкінісі, сел –көшкіні, су тасқыны және тағы басқа табиғи өрт, індеттер мен малдың жұқпалы аурулары. Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар — өнеркәсіп, көлік авариялары өрт жарылыс, үйлер мен ғимараттардың кенеттен құлауы т.б Төтенше жағдайдың тағы бір түрі-жер сілкінісі. Жер сілкінісін алдын-ала болжап хабарлайды, алдын-ала дайындап қою керек: -рюзак немесе сөмкеңізді, құжаттарды. -үш күнге жететін тамақ пен суды, -жылжымалы электр фонары мен сөмкені; -алғашқы медициналық дәріханасы мен медикаменттер, -жылы киім мен аяқ киім. Ес те сақтаңыз: Жер сілкінісі басталған кезде үрейленбей және басқалардың үрейленуіне м жол бермеу керек; -Газ, су, жарықты сөндіру керек. ; -Жер сілкіну төменгі баллмен жай болса , онда сол жерде тұрыңыз, қорықпаңыз, күтіңіз . Егер күшті жер сілкінісі болған кезде; -Шкі қабырғаның қауіпсіз жеріне, бұрышқа, есіктің жақтауына, ваннаға жату керек; -Екінші не одан жоғары қабатта болсаңыз ол жерден ешқайда кетуге болмайды. -Керуеттің, столдың астына кіру керек, себебі бұлар құлайтын заттармен сынықтардан қорғайды; -Ауыр жиһаздармен терезелерден аулақ ұстау керек; -Лифтіні пайдалануға болмайды; Жер сілкінісінен кейін; -Қажет адамдарға алғашқы жәрдем көмегін көрсету керек; -Зардап шеккендерді үйіндіден шығаруға көмектесу керек; -Жол жүргенде, жәй уақыттың өзінде адамдар теледидармен радиодан берілген ақпараттарға құлақ түріп жүргені дұрыс. Гидрометорталығы, бұқаралық ақпарат орталығы арқылы қар көшкіні, сел, су тасқыны, жер сілкіну қауіп-қатері туралы тұрақты алдын-ала ескертіп отырады. Ондай жағдайларда алдын-алу шаралары жүргізіледі . Жер сілкінісі кезінде болса электр бағандарына ,талдарға жақындамау керек. Міне енді осыдан түсінгендерімізді ойын арқылы көрсетейік. Тақпақ. Ойын: «Жер сілкінісі кезінде өзіңе керекті заттарды тауып сал». Ойын шарты: Үстел үстіне бірнеше заттар берілген ,осының ішінен өзімізге қажетті заттарды тауып, қол сөмкеге саламыз. Балалардан бұл затты не үшін таңдағаны туралы сұрақ-жауап жүргізу. (Фонар, тамақ, су, телефон, дәрі, дәрмек) қажет құралдар. Ойын: «Жасырынбақ». (Жер сілкінісінің дауысы) Сілкініс.Үй қозғалып, ыдыс-аяқтар құлай бастады. Кенеттен болған дүмпуден қорықты .Бізге қорғану керек,бұл жер сілкінісі ғой. Не істейміз? Ойын шарты: Жер сілкінісі болып жатыр деп есептейік, қауіпсіз жерді табыық. Енді көзімізді жұмып , құлақтарымызбен тыңдап отырамыз.</p>	<p>Балалар мұқият тыңдап тұрады.</p> <p>Қызығушылық танытады.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді</p> <p>Балалар мұқият тыңдап тұрады.</p> <p>Қызығушылық танытады.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді</p>
---------------------------------------	--	---

Рефлексивті түзеуші	Балалар қуанышты сезім-мен, әнді орындайды. Балалар сіздерге сабақ ұнадыма? Төтенше жағдай болған кезде нестеуіміз керек? Өрт сөндіру мен жер апаты болған кезде телефоны неше? Дәрігерге қалай хабарласамыз? Жер сілкінісі жағдайда нестеуіміз керек? Осымен бүгінгі біздің ашық оқу қызметіміз аяқталды. Сау болыңыздар. Ар қашан аман болайық!	
----------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: жер сілкісінің қандай жағдайда болатынын

Түсінеді: Дүмпул қасиеттерін

Қолданады: ережелерді естеріңе сақтау, ойын барысында қолдану

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.